

Түзгенін білім алаңыз, игілігін көресіз. Ойды ортаға салаңыз, елге пайда бересіз.



№13 (337)
15 шілде, 2020 жыл

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

Мерейлі мекен - Елордам

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 07 шілде күні Астана күніне орай білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, оларды танымдық қызығушылықтарға ынталандыру мақсатында облыстық «Мерейлі мекен - Елордам» қашықтық интернет байқауын ұйымдастырды.

Шараға жалпы орта және



қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысты.



Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар жұмыстарын

инстаграм желісінде орналастырды.

Маңғыстау ауданынан Амангелдин Дамир, Қайыр Ақбота және Ізтұрған Мүзтемір, Мұнайлы ауданынан Аманов Ильяс, Ақтау қаласынан Көшкінбай Айнұр үздік шығып, орталықтың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Нұршат ҚОСАНОВА,
Ақпараттық талдау
бөлімінің әдіскері.

“Табиғатты аяла”



Табиғат - тіршіліктің құт-берекесі. Табиғатты қорғау - міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында.

Маңғыстау облыстық білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің облыстық форумы сырттай өткізілді.

Форумның мақсаты - білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.

Форумға аудандық, қалалық

кезеңдердің жеңімпаз топтары, яғни жалпы орта білім беру ұйымдарының 14 - 16 жас аралығындағы 36 білім алушылары қатысты.

Облыстық форумның ережесіне сәйкес, қатысушылар «Туған өлке тарихы», «Жасыл экономика», «Денсаулық және қоршаған орта», «Экоболашақ»,

«Жасыл оазистер» экодизайнерлер номинациялары бойынша жұмыстарын, жобаларын жіберді.

Қазылар алқасы «Табиғатты аяла» форумына қатысушылардың еңбектерін бағалап, жеңімпаздарды білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапаттады.

Республикалық форумға жүлделі орын алған оқушылардан команда жасақталып ұсынылады.

Бақытжан
ИСМЕТТҮЛЛА,
Экологиялық -
биологиялық
бөлімінің әдіскері.

Музыка пәні мұғалімдеріне

29 маусым мен 8 шілде аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚБАИ-да «Музыка пәні арқылы өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру» тақырыбында жалпы ББ мектептердің музыка пәні мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы өтті.

Музыка - өскелең ұрпаққа дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Жалпыға бірдей білім беретін мектептегі музыка пәнінің мұғалімі - музыканы оқыту арқылы оқушы бойында музыка мәдениетін, сонымен бірге оның дүниені танып-білуін қалыптастырушы маман.

Курста тыңдаушылар орта білім беру жүйесінің жаңа

Нота әліппесі



До Ре Ми Фа Соль Ла Си До

талаптарына сәйкес музыкалық білім берудің негізгі мазмұнын зерделеп, жас ұрпақты тәрбиелеудегі өздерінің жауапкершіліктерін сезіне отырып, музыка пәні мұғалімінің қалыптасқан құзыреттілігін анықтады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының барлық пәндерде, барлық салаларда заман талабына сай қажеттілік екенін терең түсінген тыңдаушылар курста өтілген барлық тақырыптарды үлкен қызығушылықпен тыңдап, практикалық жұмыстарды белсенді түрде орындады.

Р.ЖҮСІПОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Маңғыстау облысы бойынша
ПҚБАИ маманы.